

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі контракт бойынша әскери қызметі және олардың мәртебесі туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 25 мамырдағы N 2302

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңының Z933600_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеуде қол қойылған Қазақстан

Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі контракт бойынша әскери қызметі және олардың мәртебесі туралы Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті